



ӘРІПТЕС КЕЛБЕТІ

Спортты серік еткен курсант

ӘМІ Жадыра МЫРЗАХМЕТ, сурет автордікі

ІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясы спорт тәрландарымен мақтана алады. Жуықта Академия қабырғасында өткен Ант қабылдау рәсіміне қатысу үшін астықты өлкеге арнайы барған болатынбыз. Курсанттар қатарын толықтырған жас өрендердің ант қабылдау салтанатында оқу ордасының спортшылары өнерлерін көрсетіп, тәнті еткен еді. Саңлақтардың ішінен иығына екі кісі мінгендей, жауырынды, сұңғақ бойлы жігіт Нұрбол Құрбан ерекше көзге түсті.

Нұрбол бүгінде ІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының 4-курс курсанты. Бұл оқу ордасына 2015 жылы оқуға түскен. 1995 жылы қазіргі Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жаназар ауылында дүниеге келген. 2006 жылы Алматыға қоныс аударып, Әуезов ауданындағы №122 мектеп-гимназиясына қабылданған. 2013 жылы сол мектепті тәмамдаған. Мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан түлектердің алдында тандау тұрады. Нұрбол да бұл тандауды жасап қойған екен. Алайда, мектеп бітірісімен алдынан кедергілер шығып, Академияға түсе алмай қалады. Өз дегенінен қайтпайтын қайсар жігіт келер жылы да құжаттарын арқалап осы Академияға келеді. «Ер кезегі үшке дейін» демекші, үшінші дегенде армандаған оқу ордасы – Қостанай Академиясына оқуға түседі. Қазір ол Академияның мақтан тұтар спортшыларының бірі десек, артық айтқандығымыз емес.

«Спортқа да сүйіспеншілігімді оятқын осы Академия. Мұнда оқуға түскеннен кейін спортқа бет бұра бастадым. Академияда саламатты өмір салтына көп көңіл бөлінеді. Өзім осында келгенде самбо күресімен шұғылдана бастадым. Спортты серік

жарыстарға, чемпионаттарға қатыстым. Жеткен жетістіктерім де жоқ емес. Жауынгерлік самбо, самбо, қоян-қолтық күрестен Қостанай облысының чемпионымын. Үлкен жетістіктерім: 2017 жылы ҚР чемпионатында жеңімпаз болдым, спорт шебері атағын алдым. Ал 2018 жылы ҚР Президентінің әлем кубогынан жүлдегер атандым», – деді бізге.

Нұрбол бұл жетістіктермен тоқтап қалмақ емес. Әлі де талай белестерді бағындыратынына бек сенімді. Бұл айда оны екі бірдей жарыс күтін тұр. Ол қараша айында Ресейдің Қазан қаласында өтетін әлем кубогының 2 кезеңіне жолдама ұтқан екен. Қазір соған қызу дайындық үстінде. Екіншісі – Қазақстан чемпионаты. Нұрбол бұл екі додаға дайындықты бастап кеткен. Себебі, бұл жарыстарға ол Академияның намысын арқалап барады. Намысты қолдан бермейтін спортшы бұл жолы да олжалы оралатынына сеніп отыр.

«Академияда бірінші орында – білім, екінші орында – спорт. Өйткені, бұл жерге түскендегі басты мақсатымыз – білім алу. Құқық қорғау қызметіне мамандар даярлайтын оқу ордасы болған соң да, курсанттардың спортпен шұғылдануларына көп



лиция қызметкерлері қатарын толықтыратын курсанттар құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде қылмыскерлермен бетпе-бет келеді. Міне, сол жағдайда оларды тырп еткізбейтіндей әдістер қолдана білуіміз керек», – дейді Нұрбол.

Келер жылы Академия қабырғасынан түлеп ұшатын курсант антына адал болып, халқына қызмет студі көздеп отыр. Ол оқу бітірісімен қолындағы жолдама-сы бойынша Атырау облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне жіберіледі. Ендеше, біз оған жортқанда жолың болсын депміз келеді.